

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

**ЗАМАНАУИ ҚҰЛДЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ
ТИІМДІЛІГІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ****Аршабаева Рабига Серикболовна**rabiga04@mail.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық құқық білім беру бағдарламасының 4 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Зукай Жанерке

Заманауи құлдық феномені жаһандық көлемде белең алған әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам өмірінің түрлі қырларына тереңдей кірігіп отыр. Қағаз жүзінде халықаралық құқық құлдықты жоюға бағытталған бірқатар келісімдер мен шарттарды, соның ішінде БҰҰ Конвенциялары мен Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) негізгі құжаттарын ұсынғанымен, нақты өмірде оларды толық орындау көбіне мүмкін болмай қалады. Бұл мәселенің тамыры дүниежүзілік экономикалық жүйенің теңсіздігінде, кей елдердегі саяси-әлеуметтік тұрақсыздықта және миграциялық процестердің реттелмеуінде жатыр. Қазіргі таңда мәжбүрлі еңбек, адам саудасы, қарыздық тәуелділік немесе түрлі формадағы қанау фактілері тек дамушы елдерге ғана тән емес, дамыған мемлекеттердің өзінде де өндіріс орындарында немесе ауыл шаруашылығы секторында ұшырасады. Жаһандық еңбек нарығының ерекшелігі – адамдар экономикалық немесе саяси себептермен жұмыс табу үшін шекара асып, кейде ресми рұқсатсыз көші-қонға жүгінуге мәжбүр болады. Осылайша заңдастырылмаған еңбекақы төлеу мен жұмыс шарттарының бұзылуы кеңінен таралып, заманауи құлдықтың өсуіне қолайлы орта қалыптасады [1].

Бүгінгі халықаралық құқық заманауи құлдықпен күрес үшін бірқатар механизмдерді қарастырады. Мысалы, 2000 жылы қабылданған БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес туралы конвенциясының Адам саудасын болдырмау, оған қарсы күрес және жәбірленушілерді қорғау туралы қосымша хаттамасы (Палермо хаттамасы) адам саудасына байланысты қылмыстарды қудалауды жүйелеп, онымен күрес кезінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруді көздейді [2]. Сол сияқты Халықаралық еңбек ұйымының мәжбүрлі еңбекке тыйым салатын 1930 және 1957 жылдардағы конвенциялары және оларға 2014 жылы қабылданған қосымша Хаттама түрлі жағдайдағы мәжбүрлі еңбек түрлерін анықтап, нақты жазалауларды ұсынады (ХЕҰ, 1930; ХЕҰ, 1957; ХЕҰ, 2014). Бұл құжаттар мемлекеттерді тиісті ұлттық заңнаманы жетілдіруге міндеттейді, ал БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы мен басқа да мамандандырылған ұйымдар мониторинг жүргізуге және ақпарат алмасуға өз үлесін қосады. Алайда бұл халықаралық тетіктердің іс жүзінде жұмыс істеуіне кей мемлекеттердегі жемқорлық, экономикалық мүдделер мен әкімшілік ресурстардың шектеулігі қолбайлау болады.

Заманауи құлдықтың таралу үлгісін нақты көрсету үшін Орталық Азиядағы немесе Таяу Шығыстағы белгілі кейстерді мысалға алған дұрыс. Мәселен, біршама уақыт бойы Өзбекстанда мақта жинау науқаны кезінде жаппай мәжбүрлі еңбек қолданылып келді. Ресми заңнамалар бойынша елде мәжбүрлі еңбекке қатаң тыйым салынғанына қарамастан, ұзақ жылдар бойы мектеп мұғалімдері мен медицина қызметкерлерінен бастап студенттер мен қарапайым жұмысшыларға дейін мақта алқаптарында жұмыс істеуге күштеп жұмылдырылатын жүйе қалыптасқан [3]. Орталық билік халықаралық қысым күшейгеннен кейін ғана және «бақылау миссиялары» бірнеше рет кіріскен соң бұл практикамен ашық күресіп, еңбек заңнамасына реформалар енгізді. Нақты реформалар қабылданып, түрлі ұйымдар тарапынан тәуелсіз мониторинг жүргізілуінің нәтижесінде кейінгі жылдары Өзбекстанда мәжбүрлі еңбек көлемі азайғаны туралы мәлімет бар [4]. Бұл – халықаралық құқықтық құжаттар мен халықаралық ұйымдардың үйлесімді жұмысының нәтижесінде бір

мемлекет көлемінде ілгерілеу барын көрсететін мысал. Десе де оң өзгерістерге тек сыртқы қысыммен емес, ішкі саяси ерік-жігерді нақты іс-әрекетке ұластыру арқылы ғана қол жеткізу мүмкін екені байқалады.

Басқа мысал ретінде Парсы шығанағы елдеріндегі еңбек мигранттарының жағдайын қарауға болады. Атап айтқанда, 2022 жылғы футболдан Әлем чемпионаты қарсаңында Катарда құрылыс саласында жұмыс істеген шетелдік жұмысшыларға қатысты еңбек шарттарының сақталмауы, жалақыны дұрыс төлемеу және еңбек етуге адам төзгісіз жағдайлар жасау мәселелері бүкіл әлемдік қауымдастықтың назарында болды. Катар билігі халықаралық ұйымдардың қысымымен реформаларға кірісіп, «кафала» жүйесін ішінара қайта қарауға уәде берді [5]. Қабылданған еңбек заңдарына түзетулерге сәйкес жұмыс берушінің рұқсатынсыз да мигранттар жұмыс орнын ауыстыруға, елден кетуге құқылы болды. Халықаралық құқықтың бұл мәселеде оң өзгерістерге ықпал еткені сезілгенімен, аталған реформалардың орындалуы әлі де толық бақылауды қажет етеді және жұмысшылардың нақты құқықтық қорғалуы тұрақты түрде тексерілуі тиіс.

Заманауи құлдықтың экономикалық тетіктерге негізделген тағы бір түрі – адам саудасы арқылы жыныстық қанау. Кейбір аймақтарда, әсіресе соғыс ошақтарына жақын немесе кедейлік деңгейі жоғары жерлерде, қылмыстық топтардың адам саудасын ұйымдастыруы күйзеліске ұшыраған халықтың арасында жиі көрініс табады. Мұнда босқын статусына ие болмаған, қандай да бір себеппен құжатсыз қалған немесе жаңа елге заңсыз кірген мигранттар аса осал топқа айналады. Оларды ішкі және сыртқы миграция аясында қанау үлгісі күрделеніп, қудалаудан жалтарудың түрлі жолдары бар ұйымдасқан қылмыс желілері қалыптасады.

Халықаралық құқық осы күрделі мәселелерге қарсы шешу жолдарын ұсынғанымен, оның өзі тым жалпылама деңгейде қалып қоятыны байқалады. Бірқатар құқықтық нормаларды тиімді жүзеге асыру үшін практикалық шаралар кешені қабылдануы тиіс. Мысалы, Ұлыбританияның 2015 жылы күшіне енген Modern Slavery Act құжаты компаниялардың жабдықтау тізбегіндегі еңбек жағдайлары мен өндірістік процестердің тазалығын жыл сайын жариялап, есеп беруге міндеттейді [6]. Компаниялар адам саудасын болдырмау және мәжбүрлі еңбек фактілерін анықтау үшін қандай шаралар жасағанын ашық көрсетуге міндеттеледі. Бұл бизнес субъектілерін қоғамдық және заңдық жауапкершілікке тартып, корпоративті ортада түсіністік пен бақылаудың нығаюына алғышарт жасады. Осыған ұқсас Supply Chain Transparency заңдары АҚШ-тың кейбір штаттарында да қабылданып, адам құқықтарын сақтау талаптарын бұзған компаниялар айыппұл төлеп қана қоймай, беделіне де нұқсан келетінін түсіне бастады [7].

Заманауи құлдықпен күресудің тағы бір нақты жолы – цифрлық технологиялар мен инновацияларды пайдалану арқылы жабдықтау тізбектерін қадағалау. Кейбір коммерциялық емес ұйымдар мен технологиялық компаниялар блокчейн сияқты цифрлық платформаларды пайдаланып, шикізаттың қайдан алынатынын, еңбек жағдайларының сақталуын және тауар өндірісінің бүкіл кезеңін бақылауға мүмкіндік беретін жобаларды қолға алды. Мысалы, кофе немесе какао өндірісінде жұмыс істейтін фермерлерге еңбек ақысы әділ төленіп отырғанын, балалар еңбегі пайдаланылмағанын онлайн жүйеде тіркеуге ұмтылу – халықаралық еңбек нормаларын сақтау жолындағы нақты қадам. Ал бұл бағыттағы тәжірибелердің сәтті шығуы үшін мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар цифрлық инфрақұрылымды қолжетімді етіп, тиісті сертификаттау жүйесін енгізуі қажет.

Заңдық механизмдер мен технологиялық инновацияларға қосымша күрестің маңызды қыры – қоғамдағы ақпараттық-ағартушылық жұмыстың күшеюі. Заманауи құлдықтың табиғаты мен заңсыз сипаты жайында бұқараның бейхабар болуы немесе жәбірленушілердің өздерінің құқықтарын білмеуі қылмыскерлерге мүмкіндік береді. Осындай жағдайды ескерген халықаралық ұйымдар мен ҰЕҰ тұрақты түрде ақпарат таратып, білім беру мекемелерінде семинар-тренингтер өткізіп, жұмыс берушілерге арналған нұсқаулықтар әзірлейді [8]. Алайда мұндай шаралар біржолғы акция ретінде қалып қоймай, жүйелі түрде жүргізілгенде ғана өз нәтижесін береді.

Әйелдер мен балаларды мәжбүрлі некеге отырғызу не жыныстық қанауға салу сияқты қоғамның іргесін үзетін қылмыстарға қарсы күрес бірқатар әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысты. Кейбір өңірлерде әл-ауқаты төмен отбасылар қыздарын «қалыңмал» немесе «отбасы берешегін өтеу» үшін тұрмысқа беруді жат санамайды. Мұны ашық түрде құлдық деп қабылдамайтын менталитет гендерлік теңсіздіктің тереңдігіне әрі білім беру жүйесінің кемшінділігіне, құқықтық сауаттың төмендігіне байланысты [9]. Халықаралық құқықтағы бала құқықтарын қорғау және әйелдерді кемсітушіліктің барлық түрін жоюға бағытталған келісімдер бар болғанымен, олардың тиімсіздігі кешенді шараларсыз және саяси ерік-жігерсіз бой көрсете береді. Тек заң нормасын жазып қою емес, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін арттыру, қыз балаларға арналған білім беру бағдарламаларын қолдау және жалпы қоғамдағы гендерлік стереотиптерді өзгерту секілді нақты саясат жүзеге асқан жағдайда ғана оң өзгеріс күтуге болады.

Заманауи құлдықтың жаһандық сипаты Қазақстанды да айналып өтпейтіні соңғы жылдары жиірек айтылып жүр. Ел аумағы – өз ішінде мәжбүрлі еңбек пен адам саудасы оқиғалары кездеспейтін «қауіпсіз аймақ» деген қате түсінікті күні кешеге дейін ұстанғаны рас. Дегенмен халықаралық ұйымдардың жариялаған есебіне және Қазақстанның құқық қорғау органдары тіркеген қылмыстық істердің динамикасына назар аударсақ, Қазақстан адам саудасы тұрғысынан «таралу, транзит және тағайындалу елі» ретінде сипатталатынын көреміз. Нәтижесінде, халықаралық конвенцияларға қосылғанымен, Қазақстанда мәжбүрлі еңбек пен адам саудасына байланысты қылмыстар, әсіресе әйелдер мен балаларды қанау фактілері, толық жойылған жоқ. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) ресми мәліметтеріне сүйенсек, 2022 жылы адам саудасына қатысты (Қылмыстық кодекстің 128-бабы – «Адам саудасы» және 135-бабы – «Кәмелетке толмағандарды саудаға салу») 70-тен астам қылмыстық іс қозғалған. Соның ішінде мәжбүрлі еңбекке тарту, жыныстық қанауға пайдалану және азғындық жолға түсуге мәжбүрлеу фактілері басым [10]. Бұл – құқық қорғау органдарына белгілі болған деректер ғана, ал көлеңкелі статистика әлдеқайда ауқымды болуы мүмкін екенін сарапшылар жоққа шығармайды. Себебі көптеген жағдайда жәбірленушілер құқық қорғау органдарына жүгінуге қорқады немесе өз құқықтарын білмейді, ал кей кезде қылмысты «тұрмыстық жанжал», «еңбек дау-дамайы» деп қарап, тереңдей тергеу жүргізілмей қалуы ықтимал. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) мәліметтері бойынша, Қазақстанда ауыл шаруашылығында, құрылыс пен қызмет көрсету салаларында мигранттар арасында мәжбүрлі еңбек фактілері жиі кездеседі. Көбіне көрші елдерден келген жұмысшылардың құжаттары дұрыс рәсімделмегендіктен, олар «экономикалық тұрғыдан осал топ» болып саналады және жұмыс берушілердің бақылаусыз әрекеттеріне тәуелді болады [11]. Бұдан бөлек, ішкі көші-қон нәтижесінде ауылдан қалаға келген отандастарымыздың да еңбек шарттарына қатысты құқықтары жиі бұзылады. Әйелдер мен балаларды қанау мәселесі де өзекті. Кей өңірлерде ерте неке, балалар еңбегін пайдалану, кәмелетке толмағандарды қара жұмысқа жегу, түрлі айла-шарғымен алдап жыныстық қызметке тарту оқиғалары бар [12]. Бұған құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі, жергілікті органдардың жағдайды бақылап, жедел әрекет етуге дайын еместігі және қоғамдық сана-сезімнің төмендігі себеп болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қылмыстық кодексінде құлдықтың барлық түріне тыйым салынғаны айтылғанымен, нақты «мәжбүрлі еңбек», «қарыздық тәуелділік» сияқты құбылыстарды дәл сипаттайтын және жәбірленушілерге тиісті көмек көрсетуді регламенттейтін заңнамалық нормалар жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, 2014 жылы жаңа Қылмыстық кодекс күшіне еніп, онда адам саудасына қатысты баптар күшейтілді. Дегенмен сарапшылар пікірінше, практикалық деңгейде заң қолдану мәселесінде олқылықтар бар: құқық қорғау органдарының біліктілігі, тергеу-тексеру жұмыстарының әдістемесі, жәбірленушілерге көмек беру тетіктері толыққанды жетілмеген [13]. Бұл мәселені реттеу үшін біз не істей аламыз? Еңбек инспекциясы, көші-қон қызметі және полиция органдары арасындағы ақпараттық алмасуды күшейту қажет. Бұл органдардың құқықтық мәртебесі мен өкілеттігін нақтылап, кез келген мәжбүрлі еңбек немесе адам саудасына ұқсас фактілерді жедел тергеуге

мүмкіндік беретін бірыңғай алгоритм әзірлеу керек. Мәселен, көпшілікке қызмет көрсету орындарында, құрылыс нысандарында, ауыл шаруашылығында жоспарлы тексерістерді жиі ұйымдастырған жөн. Және бұл тексерістердің формальды емес, шынайы бақылауға негізделуі маңызды. Ірі және орта бизнес субъектілеріне жабдықтау тізбегіндегі еңбек жағдайлары туралы жыл сайын есеп беру міндетін жүктеу – халықаралық тәжірибеде өзін ақтаған әдіс. Қазақстанның Еңбек кодексінде не арнайы заңда «Заманауи құлдыққа қарсы жауапкершілік» бөлімін қосып, компанияларды еңбек шарттарына мониторинг жүргізуге міндеттейтін норма енгізуге болады. Бұл азаматтық қоғам мен тұтынушылар тарапынан бақылау үшін қажет. Адам саудасы мен мәжбүрлі еңбек істерін тергеу барысында тергеушілер мен прокурорлар, судьялар арнайы дайындықтан өтуі керек. Жәбірленушілермен жұмыс істеу әдістері, куәгерлерді қорғау бағдарламалары, психологиялық қолдау тетіктері нақты реттелуі қажет. Осы мақсатта тұрақты түрде халықаралық ұйымдардың тренингтерін, семинарларын өткізу, тәжірибе алмасу шараларын жүйелі іске қосқан жөн.

Шын мәнінде заманауи құлдықты жою жолындағы халықаралық құқықтың тиімділігі әр елдегі саяси жүйенің ашықтығына, экономикалық құрылымның әділеттілігіне және азаматтық қоғамның белсенділігіне тығыз тәуелді. Түпкі мәні бойынша халықаралық деңгейде қабылданған конвенциялар мен шарттар адам құқықтарын қорғауда жалпы бағыт-бағдар берсе де, олардың жүзеге асуы сол мемлекеттердің ішкі институттарының мығым болуына байланысты. Әлемдік еңбек нарығының жаһандануы, цифрлық технологиялардың дамуы, көп миллиардаған қаржы айналатын кейбір шикізат салалары мен өндірістік секторлардағы жасырын экономиканың болмауы үшін ашықтық пен қатаң бақылау қажет.

Заманауи құлдықтың тамыры тереңде жатқандықтан, оны бір ғана құқықтық құжатпен шектеу мүмкін еместігі барған сайын айқынырақ болуда. Халықаралық құқықтың мазмұнын толықтыратын жүйелі шешімдер – нақты заңнамалық реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, полиция мен сот саласындағы кәсіби әлеуетті арттыру, үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық институттар арасындағы серіктестікті тереңдету және ақпараттық-ағартушылық жұмыстардың тұрақты түрде жүргізілуі. Осы бағыттарды қатар дамытқанда ғана конвенциялар мен декларациялардың мазмұны құндылықтар жиынтығынан іс жүзінде орындалатын міндеттерге айналады. Заманауи құлдыққа қарсы күрес жай ғана заң шығарумен шектелмейтінін, ол жаһандық экономикалық және әлеуметтік реформаларды талап ететін кешенді құбылыс екенін ең ауыр кейстер дәлелдеп отыр. Соғыс аймақтарында құжатсыз қалған босқындардан бастап, дамыған елдердегі маусымдық жұмысшыларға дейін қанаудың көптеген формалары кез келген жерде орын алуы ықтимал. Оны толық жою үшін халықаралық құқықтың ықпалы таза номативтік деңгейден тәжірибелік құралға айналуы қажет. Бұл мақсатқа жету жолында қоғамдық сана-сезімді ояту, мемлекеттік және жекеменшік секторлардың ынтымақтастығын нығайту, ең бастысы, халықаралық ұйымдар тарапынан үздіксіз мониторинг пен нақты қолдау көрсетуі басты қағидатқа айналғанда ғана ілгерілеу байқалады. Мұның бәрі тек бір реттік шара емес, үздіксіз жүргізілетін көпжақты процесс болуы тиіс. Сол арқылы заманауи құлдықты азайтып қана қоймай, болашақта оның туындау себептерін түбірімен жоятын негіз қалануы мүмкін [14].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bales K. *Disposable People: New Slavery in the Global Economy*. – Berkeley: University of California Press, 2012. – 298 p.
2. United Nations. *Protocol to Prevent, Suppress and Punish Trafficking in Persons, Especially Women and Children, supplementing the United Nations Convention against Transnational Organized Crime*. – New York, 2000. – 16 p.
3. Anti-Slavery International. *Uzbekistan: Forced labour in the cotton sector*. – London: Anti-Slavery International, 2018. – 44 p.

4. International Labour Organization (ILO). *Third-Party Monitoring of Child and Forced Labour during the Cotton Harvest in Uzbekistan: 2017 Findings*. – Geneva: ILO, 2017. – 29 p.
5. Amnesty International. *Reality Check: The state of migrant workers' rights with four years to Qatar's 2022 World Cup*. – London: Amnesty International, 2020. – 56 p.
6. UK Parliament. *Modern Slavery Act 2015*. – London, 2015. URL: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2015/30/enacted> .
7. California Department of Justice. *The California Transparency in Supply Chains Act*. – Sacramento, 2019. URL: <https://oag.ca.gov/SB657>
8. Walk Free Foundation. *Global Slavery Index 2018*. – Perth: Minderoo Foundation, 2018. – 104 p.
9. UNICEF. *Child Marriage: Latest trends and future prospects*. – New York: United Nations Children's Fund, 2018. – 62 p.
10. Министерство внутренних дел Республики Казахстан. *Официальная статистика по преступлениям, связанным с торговлей людьми (данные за 2022 год)*. URL: <https://mvd.gov.kz>
11. International Labour Organization (ILO). *Forced Labour in Central Asia: Regional Overview*. – Geneva: ILO, 2019. – 40 p.
12. Уполномоченный по правам человека в Республике Казахстан. *Годовой доклад за 2021 год*. – Нур-Султан: Офис Уполномоченного по правам человека, 2022. – 75 с.
13. International Organization for Migration (IOM). *Trafficking in Persons in Central Asia: Annual Report*. – Geneva: IOM, 2021. – 37 p.
14. Bales K. *Understanding Global Slavery: A Reader*. – Berkeley: University of California Press, 2005. – 256 p.

УДК 341

РОЛЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В УРЕГУЛИРОВАНИИ ВООРУЖЕННЫХ КОНФЛИКТОВ

Данияр Әдемі Аңсатқызы

idemadaniyar@gmail.com

Магистрант I курса специальности международное право ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Жунусбекова А.Ж.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль международных организаций в урегулировании вооружённых конфликтов с позиций международного права. Особое внимание уделено правовому статусу Организации Объединённых Наций и её Совета Безопасности, а также анализу миротворческих операций в различных регионах мира. В статье исследуются особенности участия региональных организаций — Европейского союза, Африканского союза, ОБСЕ, ШОС и ОДКБ — в процессе предотвращения и разрешения конфликтов. Выделены ключевые проблемы современной миротворческой практики, включая политизацию, участие негосударственных акторов, ограничения мандатов и дефицит ресурсов. Обосновывается необходимость деполитизации международных миссий и усиления институционального сотрудничества для повышения эффективности коллективной системы безопасности.